

да түрленіп шыға келеді. Күні кеше көз алдымызда жүрген, бүгіндері түгесілуге айналған сол ата, әжелеріміз, бірі мүгедек жарымжан, бірі жан ауыруына ұшыраған сол қасіретті жандар бейнесі жазушы суреттеуінде өзгеше бір реңге бөленіп, өзінің реалистігімен, ақиқат шындық өмірдің бөлшегі ретінде танылады. Оның «Эльза жеңешем» әңгімесіндегі соғыстан кейінгі ауылдағы халық күйі, зұлмат жылдары тағдырдың айдауымен туған жерден ауа жайылып, жат елге табан тіреген өзге ұлт өкілдері мен жергілікті халық арасындағы күрделі қарым-қатынас суреттеулері сондайлық шынайы берілген.

«Соғыстан соңғы үшінші жаз екен. Ел есін жимаса да көтеріліп қалған. Азалы көңіл серпілмейді, қайғы мен қасірет ортаймайды, бірақ мұң мен зар атаулы түгел ішке түскен. Тұрмыс та төмен. Аш пен жалаңаштың маңайы. Киім – жыртық, жамау, дастарқан – жүдеу, тақыр. Ал сырттай қарағанда бәрі тамаша. ...Өткенге салауат, алдағының бәрі ғажап. Ең бастысы – жұртты күйзелтіп, азамат атаулыға ойран әкелген, ақыр түбі бестің төртеуін жалмаған обыр апат аяқталған. Соғыс бітті – енді не керек! Келешек әрбір күн олжа, бүгінгі әрбір күн мереке. Әсіресе, қасап қырғыннан аман оралған жігіт-желең үшін, аман оралған азаматтың әкешеше, ағайын-туғаны үшін» деп қам көңілді, бірақ алдағы күннің бақытты сәулесінен үмітті соғыстан кейінгі ауыл тіршілігін суреттеуден басталған шығарма кейіпкер әрекеті мен оқиға

шиелінісі дамуы барысында оқырманды бірде дір еткізіп шошынтып, бірде мамыражай күйге түсіріп, ал бірде шарасыз жанның күйін бірге кештіре мұнайтады. Жарқын болашақты арманмен астастырып, бақытты тұрмысқа енді төселе берген бір шаңырақтың шайқалып кетуін автор: «Ертеңіне, түн қараңғысында тағы да жауапқа әкетті. Келесі аптада тағы. Енді біздің үйді үрей жайлады. Атам оқтын-оқтын ауыр күрсінеді. Әжем аруақ шақырып, Аллаға сыйынады» деп, кейіпкер тілімен баяндайды.

Жоғарыда аталған көркем туындыларда қазақ қоғамындағы әлеуметтік, саяси және тұрмыстық келеңсіз құбылыстар, атап айтсақ ұлттық құндылықтардың аяқасты болып, талақ етілуі, исі қазаққа жат тасбауырлық пен имансыздық, ата сақалына жармасқан жүгенсіздік, биліктегі шонжарлардың алаяқтығы, жаңа буын ұрпақтың, тексіз байлардың ана тілінен, ата ділінен жерінуі, қара халықтың дәрменсіз пұшайман халі, ата-баба тарихына жасалып жатқан қиянаттар, бір сөзбен айтқанда тәуелсіз жас мемлекеттің бүгінгі мен болашағына кедергі келтіретін алуан түрлі кеселдер бүкпесіз сыналады. «Бірақ бүгінгі өмір-тіршілігіміздің күндерегі секілді шыншыл реңдегі бұл шығармалар фольклорлық айшықты бояулармен шебер әрленіп, постмодернистік стильмен әшекейленгендіктен оқырманды мүлде беймәлім көркемдік әлемге жетелеп, ғажайып тылсым сырларға саяхат жасата алады».

Әдебиеттер

- 1 Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. - Алматы, 2010.
- 2 Мағауин М. Шақан-шері және әдепкі әңгімелер. - Алматы, 2005.
- 3 wwwKultobe.kz Тойшанұлы А. Мағауиннің жаңа прозасының алтын өзегі.

References

- 1 Nұrқatov A. Zhalғasқan дәstүr. Almaty, 2010.
- 2 Maғauin M. Shaқan-sheri zhәne әdepki әngimeler. Almaty, 2005.
- 3 wwwKultobe.kz Toyshanyly A. Maғauinnyң zhaңa prozasyның altyn özegi.

ӘОЖ 82(091)

Б. Омарұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Астана қ.
E-mail: nazim.i.b@mail.ru

Ұлт ақыны және ұлт тағдыры

Мақалада зар заман ақындары ой-пікірлерінің өміршендігі, халықтық педагогика мұраттарымен үндестік табуы сөз болады. Сонымен бірге онда бұл топтағы ақындардың заманның тамыр соғысын дөп басып, шынайы хал-ахуалын айшықтай білгендігі көрсетіледі. Автор отаршылдар билеген дәуірдегі халықтың қасірет-қайғысын жырлаған ақындар шығармашылығында елдік мүддеміз бен ұлттық болмысымыз ойлы образдар, тосын теңеулер арқылы жан-жақты көрініс тапқанын дәлелдеуге күш салады.

Түйін сөздер: зар заман, дәстүр, ұлттық дүниетаным, өлең өлшемі, салт-сана.

B. Omaruly

National poet and destiny of the nation

In the article the accord of thoughts of poets "Grief eras" with ideas of national pedagogics reveals. Along with it, the author points to how poets of this period, having precisely guessed trend of that era, truthfully represented its reality.

The researcher also pays special attention to that in poetic creativity of representatives of that era who have described the tragedy and sorrows of the people, compelled to obey to policy of colonization, national ideas and national attitude found reflection. Especially brightly and comprehensively it is expressed by means of unusual comparisons, thoughtful images and comparisons.

Keywords: grief era, customs, national attitude, meter, traditions, education.

B. Omaruly

Национальный поэт и судьба нации

В статье раскрывается созвучие мыслей поэтов «Эпохи скорби» с идеями народной педагогики. Наряду с этим, автор указывает на то, как поэты этого периода, точно угадав веяние той эпохи, правдиво изобразили ее действительность.

Исследователь также обращает особое внимание на то, что в поэтическом творчестве представителей той эпохи, описавших трагедию и горести народа, вынужденного подчиниться политике колонизации, нашли отражение народные идеи и национальное мировосприятие. Особенно ярко и всесторонне это выражается с помощью необычных сравнений, вдумчивых образов и сопоставлений.

Ключевые слова: эпоха скорби, обычаи, национальное мировосприятие, стихотворный размер, традиции, воспитание.

Ұлт басына қатер төнгенде ұлт ақыны дараланып шығады. Ол елдің сөзін айтып, басын бәйгеге тігеді. Бұл – барлық халықтың әдебиетінде байқалған құбылыс. Біздің қазақ әдебиеті де мұны талай басынан өткерді. Әсіресе, ақындық ұстаным ұлт тағдыры таразыға түскен отаршылдық дәуірде айқын көрінді. Қайғы мен мен шерге толы бұл кезең ұрпағы үшін алаңдаған ұлт ақындарын тарих сахнасына шығарды. «Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді – оны қазақ білмейді» [1,222], – деп Ахмет Байтұрсынов бейнелеп-бедерлеген көнбіс халықтан шыққан жыр жүйріктері шетінен қайраткерлік биікке көтерілді.

Олардың өлең-жырларында азаттықты аңсаған қазақтың рухы сақталды. Бұл шығармалардың өзегінде ұлтты езгіден құтқару идеясының негізі қаланды. «Әдебиет – ақиқат өмірдің сыр-

лы суреті, халықтың көркем тарихы» [2,20], – деген академик З.Қабдоловтың тұжырымына сай зерделесек, зар заман – бұғауда бұлқынған қазақ ұлтының шерлі шындығы. Зар заман жырларындағы отаршылдыққа наразылық сарыны кейін ұлт қамын ойлаған ақындардың шығармашылығына түгел жайылды, рухты оятып, күрескерлік сананың қалыптасуына жол ашты.

Отаршылдық дәуірде өмір сүрген ақындар көшпенді өмірдің тіршілігін идеал тұтуы, ұлттық болмыс-бітімнің, салт-сананың бұзылуына қарсылығы, жаңа қоғамның құбылыстарын құбыжық көруі жағынан бір-бірімен үндес. Олар тозған заманның азған адамның бейнесін кейіптеп, рухани құлдыраудың себептеріне үңілді. Мұның бәрі осыған халықтың ішкі әлемінің наразылығы сипатында көрінді. Дәуірдің сүреңсіз түрі еркін заманның ізгіліктерін танытатын ұғымдармен шендестіру арқылы бейнеленеді.

Осындай ой-тұжырымдар азаттықты аңсау, бодандықтан босау идеясына қозғау салды. Бұл тұрғыдан алғанда зар заман жырлары елдің ертеңіне елендеп, дабыл қағу міндетін атқарды. Күңгірт келешек, күмәнді қоғам, азған адам ұғымдарының ой-пікірге өзек болуы – отаршылдық дәуірге жиреніштің, назалы көңіл-күйдің көрінісі.

Халықтың өз танымында берік орныққан «ел» ұғымы ақындар шығармашылығында әр қилы сипатта көрінді. Көпшілігі оны адам болмысымен сабақтастыра бейнеледі. Осы тұста қазақ поэзиясында шебер шендестіру мен ұтымды астарлаудың үлгілері мол байқалды.

Мысалы, Дулат Бабатайұлының өлеңдерінде [3] «ел» сөзімен байланыстырылған образдар жеткілікті. Мұндай бейнелі тіркестердің бәріне халықтың ауыр ахуалы, қайғы-мұңы өзек болған. Соның ішінде мына екі жолдың орны бөлек:

Ел тереңге сүңгіді,

Қармайтұғын қалмай тал.

Ақын кейбір күрделі образдардың әсерін күшейту үшін қиюласпасты қиюластырады, логикалық қисынды әдейі бұза отырып, сұлу сөзбен сурет салады. «Ел тереңге сүңгіді» – «суға кеткен тал қармайдымен» тәркіндес тіркес. Яғни, пәле-жаладан, кесел-кесепаттан құтылу үшін жанұшырып-жанталасудың белгісі. Қалыпты мағынасы «қармайтұғын тал қалмаған соң, ел тереңге батып кетті» дегенге саяды. Ал ақын бұған өзгеше өң беріп, жаңаша қисын түзеді. Ел тереңге сүңгіді (ерікті, белсенді қимыл), қармайтұғын қалмай тал (құтқарар күш жоқ). Халықтың еш нәрседен қайыр күтпей, заманның ырқына көніп, ауыр ахуалға мойынсұнуын Дулат осылайша көркем кестеледі. Күллі елдің бір адамдай «тереңге сүңгуі» бар бояуы келіскен әсерлі көрініс береді.

«Ел» ұғымын адамдарға тән нәрселер арқылы бейнелеп, алуан түрлі образдар жасаған Дулаттың үздік үлгілерінің бірі: «Ел құлағы саңырау, Кімге айтамын сөзімді?». Қоғамды жайлаған ұғымсыздық, саңылаусыздық атаулының бәрі «ел құлағы саңыраудың» аясына сиып тұр. Бұл – халықтың рухани құндылықтан алшақтап, сыртқы дүниенің құбылыстарынан оқшауланып, тұйыққа тіреле бастауының да белгісі. Ақынның өзі айтқандай, «Сөлі кетіп қазақтың, Қалған кезде сіркесі», – дейтін кезең осы. Заманның зіл салмағы мойнына түсіп, отаршылдардың озбырлығын көріп, бойдағы қуатынан айрылып, сөлі кетіп, сіркесі қалған қазақтың бастан кешкен бейнеті мен тартқан тауқыметін Дулат «ел-адам» образын кейіптеу тәсілімен көрсетті:

Арқасы елдің жауыр боп,

Артқан жүгі ауыр боп,

Төрт аяқтап ақсады-ай.

Соңғы жолдан ақынның елді жүк көтерген төрт түліктің біріне балап отырғаны көрінеді. Төрт аяқтап ақсау, арқаның жауыр болуы – елдің тереңге сүңгуінің себеп-салдары. Дулаттың танытқаны – әбден титықтап, тұралаған жұрттың хал-жағдайы. «Жауыр болу» – қасірет-қайғының, «артқан жүктің ауырлығы» – зорлық-зомбылықтың баламасы ретінде алынған. Халық тіршілігінің берекесізденуін («Тоғынды елім шайқады, Тұнығынды сапырды»), ағайынның ауызбіршіліктен айырылуын («Ел ұйтқысы шайқалып, Төгіліп судай ортайды-ай») ақын шеберлікпен жеткізді. Елдің «тұнығының сапырылуы» – Дулаттың эстетикалық зор талғамын аңғартатын тіркес. Жалпы, ақын өз үшін ең қадірлі нәрселерді, атап айтсақ, ішкі сырын («Тұманың тұнық суынан»), жүректегі жырын («Тұнық жырмен жуынам») осы тазалықтың белгісі – тұныққа балайды. Сол «тұнықты сапыру» тіркесі арқылы сүттей ұйып отырған жұрттың трагедиялық ахуалға ұшырағаны айтылады. Ақынның көбіне-көп образбен өрнектеген халық тағдыры хақындағы өкініш-күйініші:

Ебі кеткен ел болды,

Енді қайда мен барам?! –

деп түйінделді.

Ел тағдырын бейнелеген зар заман өлеңдерінде қасірет-қайғы ұғымын білдіретін тіркестер де жеткілікті. Дулаттың «Ұйқы беріп, қайғы алам», – дегеніне өзек болған ойды Шортанбай Қанайұлы: «Түшіркеген ұйқы жоқ. Қайғының асқан зарлығы» [4, 21], – деп өрнектейді. Ал Мұрат Мөңкеұлы «Қазтуған» атты жырында «Күндердің күні болғанда, Қайғыға шіріп өлерсің» [5, 209], – деп ел-жұрттың келешегіндегі жаманшылықтан хабардар етеді. Осындағы «қайғыға шіріп өлу» тіркесі «құса болуды» өзгеше түрлендіру арқылы жасалған. Адамның қайғыға шіруі бейнелі әрі қалыпты тіркестен әлдеқайда әсерлі. Кердері Әбубәкір өлеңінде қасірет-қайғы образды түрде:

Көздің жасын жинасаң

Күніне аяқ толады [6,189], –

деп түйінделді. Ойы ұшқыр, сөзі сұлу Дулат поэзиясында кең ауқымдағы халықтық қайғы-шердің мысалы бар. Бұған бірінен соң бірі тақым батырған үлкенді-кішілі ұлықтардың елге көрсеткен зәбірі астар болған. Ел билеген бектер мен еркінен айырылған халықтың отаршылдық бодауындағы хал-ахуалы ақынның «Сүлейменге» дейтін өлеңінде ұтқыр сөз-образдар арқылы көркем кестеленді:

*Аяз қысса мүйізді,
Мүйіз қысып тұқылды.
Қанталаса тұқылдың,
Алтыс екі тамырың
Қаңсып қалған сықылды*

Дулат кейіптеген аяз – мүйіз – тұқыл желісіндегі ең төменгісінің жаншылып-мүжілуі – бейнелі ұғымды ел тағдырына орайластырғандығының көрінісі. Тұқылдың қанталауы – халықтық трагедияның астарлы оймен айтылуы. Ат басындай алып жүректі шалып жығатын қайғының күшін ұлғайту түріндегі бейнелі сөз танытып тұр. Осы екі жолдың образбен өрнектелген алдыңғысы құлаққа әбден сіңісті болған «қайғы басып шерледі» тіркесіне жаңаша рең, өзгеше өң береді.

Зар заман поэзиясында қазақтану, ұлттану талаптарының биігінен зер салсақ, құнды қазынаның бағасы одан сайын арта түсері сөзсіз. Бұл жыр жүйріктері қазақ ұлтының көшпенділіктен ажырап, отаршылдықтың бұғауына мойынсұнған кездегі көрген зорлық-зобалаңы мен тартқан қайғы-қасіретінің шерлі шежіресін жасады. Қазақ халқының белгілі бір дәуірдегі ұлттық танымының тарихнамасын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Бұл шоғырдың тағы бір алыбы Албан Асанның шығармаларында осы әуен, осы байлам айна-қатесіз жалғасын табады. Айналасындағының бәрінен түңіліп, жақсылық пен ізгіліктің бәрін өткен «өзбек қайран заманнан», яғни Қоқан хандығының билік құрған тұсынан іздейтін, қазақ пен қырғыздың ұлттық табиғатын көршілес қонып, еншілес жүрген албан мен бұғы руларының қарым қатынасы арқылы суреттейтін Асан Барманбекұлы да ұл мінезіне, ұрпақ тәрбиесіне соқпай өтпейді. «Құйын келіп ұрғандай шым-шытырық бір замандағы» қазақ баласына ақын былайша баға береді:

*Доңызшы қарар әкее,
Ұлдың өзі тугандай.
Бар малыңа өзі ие,
Басқаны үйден қуғандай,
Баланың қылған ісіне,
Жүрегің мұздап суығандай... [7, 52]*

*...Ізет көрмей барасың
Балаң менен ініңнен.
Әдеп көрмей барасың,
Қызың менен келініңнен [7,59], –*

дейді ақын «Заманның түрі» атты толғауында. Ол осы жөнсіздіктің себебін өзінше топшылап көрсетеді. Асанша айтсақ, бұл ақыл-кеңес, ұлағат айтатын қариялардың азайғандығынан. Әдетте, ұрпақтың орнын ұрпақ басады деген қағидаға сүйенсек, алаштың ақсақалсыз, қазақтың қариясыз болмайтыны алғаусыз ақиқат. Бірақ Асанның аңсары – көкірегінде – сәулесі,

жүрегінде – иманы бар данагөй қария. Ұлттық дәстүрді ұстанған, салт-сананың сырын ұғатын, кейінгі ұрпағына айтары бар ақсақал.

Ұлт тәрбиесі, ұрпақ қамы қырғыз ақындарының да зар-мұңға толы шығармаларының түп қазығы болған. Қырғыз бен қазақтың арғы-бергі тарихтағы бар тауқыметті бірге тартқандығы идеясы, мақсат мұраты, өлеңдік өлшемі жағынан бір-бірінен көп айырмашылығы жоқ зар заман жырларынан айқын аңғарылады. Енді олардың ұрпақ тәрбиесі хақындағы өлеңдерінен мысал келтірейік:

Қалығұл Байұлы:

*Келинден келбет кетээр,
Катындан уят кетээр.
Уулдан урмат кетээр,
Кыздан кылық кетээр,
Атаның тилин уул албас,
Ағаның тилин уни албас [8, 41].*

Арыстанбек Бұйлашұлы:

*Бойго жеткен кыздардын
Баштағыдай көркү жок,
Той азаят дечү эле.
Кыз онбешке чыкканда,
Энесине баш бербей,
Боюн куүлөйт дечү эле.
Эмки азамат баарысын,
Катын бийлейт дечү эле [9,54].*

Молда Қылыш:

*Қыз-келиндин жаманы,
Үй бүлдүргөн чыккандай [10,29].*

Байыптап қарасақ, зар заманның сарынымен жырлаған қазақ ақындары да, қырғыз ақындары да отаршылдық қысымының ұлт тәрбиесіне әсерінен туындаған келеңсіздіктерді нысанаға алған. Олар осыған рухани наразылық танытып, күн ілгері дабыл қақты. Бүгінгі күнгі қырғыз бен қазақтың ұлт мәселесіне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты түйткілдерді зар заман ақындары сол кездің өзінде-ақ тайға таңба басқандай етіп көрсетіп берді. Олардың шығармалары сонысымен де құнды. Тағы бір атап көрсететін жайт–жыр жүйріктерінің өздері наразы болған замандағы бозбала мен бойжеткеннің жөнсіз қылықтарын таяп келе жатқан ақыр-заманның белгісі деп білуі екі елдің әдебиетіне де тән.

Қазақ халқының отаршылдық дәуірдегі қасіретін жеткізген зар заман жырлары арқылы поэзияда елдікті сақтау, бірлікке шақыру, салт-дәстүрлерді ардақтау идеясы берік қалыптасты. «Отаршылдық экспансия отарлаушылардан тек әскери күш қолдануды ғана емес, басып алған елін белгілі бір мөлшерде зерттеп-білуді де талап етті» [11,9], – деп Н.И.Конрад айтқандай, жаулық пиғылды танып, ұлттық мүддені қызғыштай қорыған бұл өлеңдердің мән-мазмұны кейінгі дәуір ақындарының шығармаларында жаңаша жаңғырды.